



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

Мәселелерді бірлесіп шешуге дайын

Премьер-министрдің орынбасары – Сыртқы істер министрі Мұрат Нұртілеу «Үндістан және Жаһандық оңтүстік: кемел келешек жолында бірлесіп даму» тақырыбындағы министрлік кездесуінің виртуалды панельдік сессиясына қатысты.

Жиын II «Жаһандық Оңтүстіктің дауысы» саммиті аясында өтіп отыр. Сөз басында СІМ басшысы Үндістанды биыл «Үлкен жиырмалықта» (G20) төрағалықтың сәтті аяқталуымен құттықтады. Астана мен Нью-Дели арасындағы стратегиялық әріптестікке, сондай-ақ Қазақстан мен Жаһандық Оңтүстік арасындағы өзара тиімді ынтымақтастықтың маңызына назар аударды. М.Нұртілеу көптік өзара байланысты дамыту және көлік бағыттарын әртараптандыру қажеттігін атап өтті. Сонымен қатар министр іс-шараға қатысушыларды Қазақстанның жоғары технологиялар саласындағы экспорттаушы болу жоспарлары туралы хабардар етті. Осыған байланысты «Астана хаб» технологиялық паркі Үндістан мен Жаһандық Оңтүстіктің сарапшылары үшін технологиялар мен инновациялар саласындағы өзара іс-қимылды арттыруда қолайлы платформа бола алады.

Сондай-ақ Қазақстанның

2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізу жөніндегі бастамасына ерекше назар аударылды. Әлемдік қоғамдастықтың осындай проблемаларды шешуге тартылуының маңызын ескере отырып, СІМ басшысы контрсеріктестерді 2026 жылы Қазақстанда өтетін БҰҰ Өңірлік Климаттық саммитіне қатысуға шақырды.

Министр М.Нұртілеу биологиялық қауіп-қатерлерді азайтуға бағытталған жаңа бірлескен шаралар қабылдау қажетін атап өтті. Осыған байланысты Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Биологиялық қауіпсіздік жөніндегі халықаралық агенттік құру жөніндегі бастамасы туралы еске салды. Мұның мақсаты технологиялар трансферті және елдер арасында осы салада тәжірибе алмасу болатынын жеткізді.

Сөзінің соңында сыртқы істер министрлігінің басшысы Қазақстан серіктестермен инклюзивтілік, көпжақты және ізгі ниет рухында ынтымақтауға және халықаралық күн тәртібіндегі мәселелерді шешуде бірлесіп әрекет етуге дайын екенін мәлімдеді. Кездесуге Азия, Африка, Океания атынан өкілдік ететін бірқатар мемлекеттің премьер-министрлері мен сыртқы істер министрлері қатысты.



Қазақстандағы мұнай өндіру көлемі 74,8 миллион тоннаны құрады

Мемлекет басшысы Энергетика министрі Алмасадам Сәтқалиевті қабылдады. Президентке энергетика саласын дамытудың негізгі мәселелері мен еліміздің отын-энергетика кешенінің биылғы 10 айдағы көрсеткіштері, сондай-ақ мұнай-газ және энергетика бағыттарындағы ірі жобалардың жүзеге асырылуы жөнінде мәлімет берілді.

Кездесу барысында Алмасадам Сәтқалиев аталған кезең ішінде Қазақстандағы мұнай өндіру көлемі 74,8 миллион тоннаны, ал мұнай өнімдерінің өндірісі 11,2 миллион тоннаны құрағанын жеткізді. Сонымен қатар 48,7

миллиард текше метр газ, 93,5 миллиард кВт/сағ электр қуаты және 15,35 мың тонна уран өндірілген.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа ұлттық электр желісін дамыту үшін атқарылып жатқан шаралар, биыл маусым айында іске қосылған электр энергиясын нарықта сатудың жаңа механизмі жөнінде баяндалды.

Мемлекет басшысына қысқы жылыту маусымы қалыпты өту үшін қосымша бақылау орнатылғаны туралы ақпарат берілді. Атап айтқанда, энергетика нысандарын қамтамасыз ету мақсатында 5,5 миллион тонна көмір мен

100 мың тонна мазут қоры дайындалған.

Бұған қоса Мемлекет басшысына ведомствоның ел аймақтарына одан әрі газ құбырын тарту жоспары таныстырылды.

Кездесу соңында Президент жылыту маусымының барысын және энергетика инфрақұрылымын жаңғырту жобаларының іске асырылуын айрықша бақылауда ұстауды, сондай-ақ ішкі нарықты жанар-жағармаймен және сыйытылған мұнай газымен үздіксіз қамтамасыз ету шараларын қабылдауды тапсырды.

Қақтығыс аймағындағы отандастарымыз елге оралды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес, Сыртқы істер министрлігі Газа секторындағы қазақстандықтарды эвакуациялады. Осылайша, арнайы эвакуациялық бортпен 99 жолаушы – Қазақстан азаматтары мен олардың отбасы мүшелері Алматы қаласына аман-есен ұшып келді.

Әуежайдағы барлық міндетті рәсімнен өткеннен кейін азаматтарға уақытша баспана беріліп, оларға қажетті құқықтық, медициналық және өзге де көмек көрсетілді. Аса ауыр міндетті Қазақстанның Израильдегі, Иорданиядағы және Мысырдағы елшіліктері абыроймен орындап, аталған мемлекеттердегі уәкілетті органдармен және халықаралық ұйымдармен бірлесіп үйлесімді жұмыс істеді.

Таяу Шығыс өңірінің сыртқы саяси ведомстволарының басшылығымен келіссөздер қорытындысы бойынша СІМ азаматтарымыздың Газа секторынан қауіпсіз және еш кедергісіз шығуы туралы уағдаластыққа қол жеткізді.

Айта кетерлігі, 15 қарашада эвакуацияның бірінші кезеңі жүзеге асырылған-ды. Нәтижесінде, «Рафах» бақылау-өткізу пункті арқылы Газа секторынан Мысыр аумағына 92 Қазақстан азаматы мен олардың отбасы мүшелері өтті.

Қазақстан дипломаттары отандас-



тарымызға барлық қажетті консулдық-құқықтық және психологиялық көмек көрсетті. Шекарадағы рәсімдерден кейін азаматтарымыз колонна құрамында жолға шығып, жақын маңдағы Каир қаласына жеткізілді.

Осы орайда өткен аптада Премьер-министрдің орынбасары – Сыртқы істер министрі Мұрат Нұртілеу Израиль Сыртқы істер министрі Эли Коэнмен телефон арқылы сөйлесіп, эвакуациялау мәселесін талқылаған-тұғын.

Сұхбат барысында тараптар сауда-экономикалық, инвестициялық және мәдени-гуманитарлық салалардағы екіжақты қарым-қатынастардың үдемелі сипатын атап өтті. Израиль

Сыртқы істер министрі Таяу Шығыстағы Израиль мен палестиналық ХАМАС қозғалысы арасындағы қақтығыс аясындағы қазіргі жағдаймен таныстырды.

М.Нұртілеу қақтығыстың шиеленісуіне және әскери іс-қимыл аймағындағы жағдайдың өршуіне алаңдаушылық білдірді. СІМ басшысы қазіргі қақтығысқа қатысты Қазақстанның ұстанымын жеткізді. Министр қақтығысушы тараптарды Таяу Шығыста бейбітшілік пен тұрақтылықтың жолдарын іздеуге шақырды. Бұл мәселенің бүкіл әлем қауымдастығы үшін жаһандық маңызы бар екеніне назар аударды.

Осы тұрғыда Қазақстан дипломаты Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың ТМД Саммитіндегі мәлімдемесін атап өтіп, жағдайдың шиеленісуі Таяу Шығыста ғана емес, жалпы әлемде ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін екенін баса айтты. Осыған байланысты Қазақстан Израиль-Палестина шиеленісін бейбіт келіссөздер мен дипломатиялық диалог арқылы шешуге бейілді.

М.Нұртілеу израильдік әріптесіне Газа секторындағы Қазақстан азаматтарын эвакуациялауға жәрдемдесу туралы өтініш білдіріп, бұл міндеттің еліміз үшін бірінші кезектегі басымдық екенін атап өтті. Ол сондай-ақ Э.Коэнді қазақстандықтардың Отанымызға тезірек оралуы бойынша Мысыр билігімен жүргізіліп жатқан жұмыс барысы туралы хабардар етті. Министр Э.Коэн берілген ақпарат үшін әріптесіне алғыс айтып, Израиль тарапы Қазақстан азаматтарын эвакуациялау мәселесін шешуге бар күш-жігерін салатынын және бұл мәселені өзінің жеке бақылауына алатынын жеткізді.

Қазақстандық дипломаттар қақтығыс аймағында қалып қойған Қазақстан азаматтарына көмек көрсету және эвакуациялық іс-шараларды ұйымдастыру жөніндегі жұмысты жалғастырады.

«Созақ үні»-ақпарат.

АЯУЛЫ АНАЛАРҒА ҚҰРМЕТ



2023 жылдың 14 қарашасында Қазақстанда халық саны 20 миллионға жетіп, тарихи оқиға тіркелді. Осы ретте аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков орталық ауруханаға арнайы барып, 14

қараша күні дүние есігін ашқан сәбилердің аналарын құттықтады.

«Бүгін еліміз үшін тарихи күн орын алды. Халық саны 20 миллионға жетті. Бір қолымен бесікті, екінші

қолымен әлемді тербеген Сіздердің бойларыңызда нәзіктік пен сұлулық, ақыл мен парасат, төзімділік пен өрлік секілді қасиеттер үндесе үйлесіп жатады. Әрдайым шат-шадыман күй кешіп, отбасының, Отанның мерейін үстем етулеріңізге тілектеспін. Сәбилердің денсаулығы мықты, өмір жастары ұзақ болсын,-деген аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы сәбилердің аналарына арнайы алғыс хат пен сый-сияпат табыс етіп, құрмет көрсетті.

Айта кетейік, 13-ші қарашадан 14-не қараған түні аудандық орталық ауруханада Ерсенұлы Хансұлтан, Жарқынбек Асылым және Ізетулла Сұлтан есімді үш нәресте дүниеге келді.



Сайлауалды қамтылған бағдарламалардың орындалу барысы пысықталды

Аудан әкімдігінің кіші мәжіліс залында аудан басшысының сайлау алды қамтылған бағдарламаларының орындалу барысы пысықталды.

Созақ аудандық филиал жанындағы саяси кеңес, фракция мүшелерінің және тиісті мекеме, бөлім басшыларының қатысуымен өткен жиында аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков әр сала бойынша атқарылу керек жұмыстарға жан-жақты талдау жүргізді.

Сонымен қатар, тұрғындар тарапынан көтерілген ұсыныстарға да жеке-дара тоқталып, жауапты мамандарға нақты тапсырмалар жүктелді.

МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР САПАСЫ БАҚЫЛАУДА

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаментінің бастамасымен Созақ ауданы әкімі аппаратының ақпараттандыру және мемлекеттік қызметтер көрсету мони-

торингі бөлімінің бас маманы С.Қарабаев және Созақ аудандық «Демеу» мүгедектер қоғамық бірлестігінің төрайымы, аудандық қоғамдық кеңесінің мүшесі Б.Смахова аудан әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөліміне мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру мақсатында қоғамдық бақылау жұмысын жүргізді. Бақылау барысында бөлім тарапынан ұсынылатын мемлекеттік қызметтердің жағдайымен танысып, қызмет алушыларға арналған қабылдаудың сапалы ұйымдастырылуы, өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы және т.б. мәселелері қаралып, мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында мемлекеттік қызметтерді көрсетудің тиісті деңгейінде ұйымдастырылуы бойынша ұсынымдар берілді.



ҚАРЖЫ САЛАСЫНЫҢ МАМАНДАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков қаржы саласының мамандарын қабылдады. Еліміздің өркендеуі жолында қаржы саласы қызметкерлерінің еңбегі зор екендігін айтып, сала мамандарын Ұлттық валюта – Теңге күні және Қазақстан Республикасының қаржы саласының қызметкерлері күнімен құт-

тықтады. Арнайы алғыс хат табыс етіп, құрмет көрсетті. Сондай-ақ аудан әкімдігінің экономика және қаржы бөлімінің басшысы Ербол Айдарбеков пен Созақ ауданының Қазынашылық басқармасының басшысы Эльвира Яшарқызы құттықтау сөз сөйлеп, қаржыгерлердің еңбектеріне табыс тіледі.

Аққолтық ауылында тарихи сәтте дүниеге келген сәбидің ата-анасына құрмет көрсетілді



Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков Аққолтық ауылына арнайы барып, тарихи сәтте дүниеге келген Ахмет есімді сәбидің ата-анасын арнайы құттықтап, құрмет көрсетті. «Өткен күні аудандық ау-

руханаға арнайы бардым. Онда еліміздегі тарихи сәтте дүниеге келген аналарды құттықтап, құрмет көрсеттім. Сол сәтте сіз қалалық ауруханада болғандықтан арнайы шаңырағыңызға ке-

ліп, құттықтауды жөн көрдім. Себебі, мен үшін аудандағы әрбір шаңырақтың қуанышы өте маңызды. Барша қазақ елі бұл тарихи оқиғаны аса қуанышпен қарсы алуда. Алдағы уақытта шаңырақтарыңызды қуанышқа бөлеген Ахметтің тұсауын кесіп, қуанышты күндерін бірге еңсеретін боламыз,-деген аудан басшысы сәбидің ата-анасына алғыс хат пен сый-сияпат табыс етіп, құрмет көрсетті.

Айта кетейік, жаңадан туылған Ахметтің анасы Бекжігітова Торғын мен әкесі Алмас Сейдуалиев қазіргі күні бір қыз, төрт ұл өсіріп, Жартытөбе ауылдық округіне қарасты Аққолтық елді мекенінде жеке кәсіппен айналысады.

«Созақ үні»-ақпарат.



ОБЛЫСТЫҚ ТУРНИРДЕН БІРІНШІ ОРЫНДЫ ИЕЛЕНДІ

Түркістан облысы қоғамдық даму басқармасының «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен, «Түркістан жоғары көпсалалы, қолөнер колледжінің» спорттық алаңында облысымыздың аудан, қалалық жастар ресурстық орталығы мамандары кіші футболдан өзара сынға түсті.

«14 қараша-Әлеуметтанушылар» күніне орай ұйымдастырылған сайыста «Созақ жастары» командасы жасыл алаңда жақсы ойын өрнегін көрсетіп, жүлделі бірінші орынды иеленді.

Түркістан облысы қоғамдық даму басқармасының «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің басшысы Ернар Нұралыұлы жеңімпаз командалар мен үздік ойыншыларды марапаттап, ұйымдастырылған сайыстың маңыздылығына тоқталып өтті.

Мәслихат тынысы

АЙТЫЛҒАН ҰСЫНЫСТАР
ЖАУАПСЫЗ ҚАЛМАЙДЫ

2023 жылдың 15 қараша күні кездесу кестесіне сәйкес, №3 Шолаққорған сайлау округінен сайланған аудандық мәслихаттың депутаты Нұрланов Базарбай Нұрланұлы өз округіне қарасты Шолаққорған ауылдық округінің Шолаққорған, Абай ауылдарының сайлаушыларымен жүздесті. Жиынның кіріспе сөзін Шолаққорған ауылдық округінің әкімі Елібаев Әділ ашып, жүргізіп отырды. Аудандық мәслихаттың 10-айда атқарған жұмыстары мен сайлау алды бағдарламасындағы атқарылған жұмыстарға тоқталып өтті. Сөз соңында ауыл тұрғындары тарапынан ұсыныс-пікірлер айтылды. Атап айтқанда: Шолаққорған ауылы А.Байтұрсынов жалпы орта мектебінің жанынан балалар ойын алаңы салынса, Жамбыл көшесіне және Абай ауылының ішкі көшелеріне жарық шамдар орнатылса, Ш.Қалдаяқов көшесіне асфальт жол салынса деген ұсыныстарын жеткізді. Өз кезегінде халық қалаулысы, депутат Базарбай Нұрланұлына бұл мәселелердің шешілуіне ықпал етіп, құзырлы органдарға жеткізетінін айтты. Ауыл тұрғындары кездесу соңында атқарылған жұмыстарға алғыстарын айтып, алдағы уақыттағы жұмыстарға сәттілік тіледі.



САЙЛАУШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСТІ



15 қараша күні бекітілген кестеге сәйкес, аудандық мәслихаттың депутаты Алмас Сапарбайұлы Шу, Тасты Жуантөбе ауылдарының тұрғындарымен кездесу жиынын өткізді.

Кездесу жиынның кіріспе сөз сөйлеп, өз ауылдық округ әкімдері жүргізіп отырды.

Өз кезегінде халық қалаулысы аудандық мәслихаттың 10-айда атқарған жұмыстары мен сайлау алды

бағдарламасындағы атқарылған жұмыстарға тоқталып өтті. Сөз соңында ауыл тұрғындары тарапынан ұсыныс-пікірлер айтылды.

Шу ауылынан артизан құдығы қазып беруге, Жуантөбе ауылынан медициналық бекетке жедел жәрдем көлігі және мектепке ескі көліктің орнына жаңасын алуына ықпал етілсе деген ұсыныстар айтылды.

Өз кезегінде халық қалаулысы, депутат Алмас Сапарбайұлы бұл мәселелердің шешілуіне ықпал етіп, құзырлы органдарға жеткізетінін айтты.

Елмен етене еңбек ету - парыз



Өткен аптаның жұмасы күні Шолаққорған ауыл әкімдігінің мәжіліс залында Созақ аудандық мәслихатының депутаты Баймұсаев Бақдәулет Құрмашұлының өз сайлаушылары алдында есепті жиналысы өтті. Жиынға ауыл әкімі Әділ Елібаев, Шолаққорған ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Бүркіт Арынбеков, ауыл жұртшылығы, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысып отырды.

Сайлаушылармен кездесу барысында аудандық мәслихат депутаты Бақдәулет Құрмашұлы өз сайланған уақыттан бергі жеті айға жуық мерзім ішінде атқарған жұмыстарын саралап шықты. Алдымен ауыл тұрғындарының ұсынысы бойынша көшелерді жарықтандыру, асфальт төсеу, тас төсеу, ойын алаңдары, аяқ жол салу сияқты мәселелер бойынша нақты жауаптар берді. Жеті ай мерзім ішінде тиісті органдарға екі рет депутаттық сауал жолдап, үш көшені жарықтандырып үлгерген халық қалаулысының атына ауыл тұрғындары Аманбай Айтжанов, Айгүл Қонарбаева, Мырзан Әбуов сияқты белсенді көше комитеті төрағалары ризашылықтарын білдірді.

Елмен етене еңбек ету парызым. Алдағы уақыттарда халықпен санаса ауызбіршілік пен ынтымақта бірлесе жұмыс жасайтын боламын,-дейді халық қалаулысы. Сондай-ақ кездесу барысында сайлаушылар тарапынан түскен тың ұсыныс-пікірлер депутаттың алдағы уақытта атқаратын жұмыс жоспарына енетін болады.

«Созақ үні»-ақпарат.

Ұлттық валюта күніне орай

Аудан әкімдігі ішкі саясат бөлімінің мәжіліс залында төл теңгеміздің айналымға енуіне 30 жыл, ауданымыздың құрылғанына 95 жыл толуына орай ауданымыздағы қаржы саласы қызметкерлері арасында спорттың шахмат пен дойбы ойындарынан сайыс өткізілді.

Сайыстың ашылу салтанатында аудан әкімдігінің экономика және қаржы бөлімінің басшысы Ербол Айдарбеков есеп саласы қызметкерлерін төл мерекелерімен құттықтап, жарысқа қатысушыларға сәттілік тіледі. Жарыстың бас төрешісі Талымұлы Жолдасбек ағай



Төл теңгеміздің мерейлі мерекесі

шахматшылар мен дойбышыларға сайыстың ережелерін түсіндіріп өтті.

1993 жылы ауданда 15-20 қараша аралығында ескі ақшаны жаңа Ұлттық валютамыз теңгемізге айырбастау науқаны басталды. Ол уақытта ауданда мемлекеттік банк, жинақ банкі, аграпром банк, Таукент кентінде БТА банктер болды. Аудан бойынша осы бес күнде 1 млрд 250 мың сом ақша жиналды. Сол уақытта 1 теңге кеңестік 500 сомға айырбас есебінде жүргізілді. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары, шет елдердегі қандастарымызды елге тартып жатқан уақыт болатын. Осы жылы ауданымызға Иран Ислам Республикасынан бірнеше ондаған отбасылар көшіп келіп, ауылдар мен елді мекендерге орналастырып жатты. Сонда осы ақшаның ауысып, теңге айналымға еніп жатқан еді. Ирандық ағайындар төл теңгемізді көргенде «Айналайын-ай, өз елімізге келіп, өзіміздің ұлттық ақшасын қолымызға ұстайтын күн болды ғой» деп теңгені қолына ұстап тұрып жылап жібергені әлі есімде. Мен ол кезде ауданда Ұлттық банктің Созақ аудандық есеп-қасса орталығының басшысы болатынымын,-дейді

аудандық қаржы және экономика бөлімінің басшысы Ербол Айдарбеков өткен жылдар белесін еске алып. Енді міне зыр етіп сол уақыттан бері 30 жыл өте шығыпты.

«Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» демекші шахмат сайысы бойынша Созақ аудандық орман шаруашылығы мекемесінен Тұяқбаева Таңшолпан, аудандық мемлекеттік кірістер басқармасынан Қожахметов Бекарыс, аудандық білім бөлімінен Жаңбырбай Әділет, аудан әкімдігі ішкі саясат бөлімінен Ысқақова Мереке сайысқа түссе, дойбы ойыны бойынша аудандық қазынашылық басқармасынан Жақаева Роза, аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінен Балаубеков Мұхат, аудан әкімдігі экономика және қаржы бөлімінен Жартай Мағжан, аудандық мемлекеттік кірістер басқармасынан Өтебаева Айнұр мен Айтуар Салтанат, аудандық жастар орталығынан Әбдірахманов Кенже, «Созақ үні» газеті ЖШС-нен Бекжігітова Гүлжан сияқты білікті мамандар белсенді ат салысты. Сайыс қортындысы бойынша шахматтан бірінші орынды мемлекеттік кірістер басқармасының бас маманы Бекарыс Бақтиярұлы Қожахме-

тов, екінші орынды білім бөлімінің бас маманы Әділет Жандосұлы Жаңбырбай, үшінші орынды орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесінің экономисті Таңшолпан Есенгелді қызы иеленсе, дойбы ойыны бойынша бірінші орынды аудандық әкімдігінің экономика және қаржы бөлімінің бас маманы Мағжан Байділдахұлы Жартай, екінші орынды жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің мемлекеттік сатып алулар жөніндегі маманы Мұхат Махмұдұлы Балаубеков, үшінші орынды Жастар Ресурстық Орталығының бухгалтері Кенже Балтабекұлы Абдрахманов иеленді. Сайыс жеңімпаздары ақшалай және заттай бағалы сыйлықтарға ие болды. Марапаттарды аудан әкімдігінің үлкен мәжіліс залында аудан әкімі Мұхит Сексенбайұлы Тұрысбеков қаржы саласы қызметкерлерін төл мерекелерімен құттықтап, оларға биік жетістіктерге жете берулеріне тілектестік білдіре отырып салтанатты түрде табыстады. Әрине, аудан көркемөнерпаздары тарапынан ән мен жырдан шашу шашылып айтулы кәсіби іс-шара өз деңгейінде өтті.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.

ҚР ІІМ-нің 2023 жылға арналған Операциялық жоспарына сәйкес халықты тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және жолын кесу бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы таныстыру, қоғамда отбасының рөлін нығайту мақсатында ағымдағы жылдың 25 қараша-10 желтоқсан аралығында «Зорлық-зомбылықсыз 16 күн» Республикалық акциясы өтеді.



Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету «Жігерлі жүрек» мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестігі Түркістан қаласы, Атабай тас жолы №151 үй, «Дағдарыс орталығына» жібереді.

- Профилактикалық әңгімелесу жүргізеді;

- Тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адамды ішкі істер органдарына жеткізеді;

«ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚСЫЗ 16 КҮН» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
АКЦИЯСЫ БАСТАЛАДЫ

Акцияның негізгі мақсаты: қоғамда әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты ескертуге және жолын кесуге, ана мен баланы қорғауға, қоғамдағы отбасының рөлін күшейтуге бағытталған, қабылданып жатқан шаралар туралы таныстыру болып табылады.

Акцияның міндеттері: Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасының субъектілері жүзеге асыратын, отбасы-тұрмыстық қатынастар аясында адамның және азаматтың конституциялық құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға және жолын кесуге, сондай-ақ

оларды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтауға және жоюға бағытталған құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және ұйымдастырушылық шаралар көшені. Атап айтар болсақ:

-Үйдегі зорлық-зомбылыққа ұшыраған отбасы мүшелеріне психологиялық, құқықтық көмек көрсету;

-Тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілері немесе олардың жасалу қаупі туралы өтініштер мен хабарламаларды сол жерге барып қарайды және олардың жолын кесу жөніндегі шараларды қолданады;

-Жәбірленушілердің өтініші бойынша оларды көмек көрсету жөніндегі ұйымдарға немесе

Егер Сіз немесе Сіздің жақындарыңыз отбасылық зорлық-зомбылыққа душар болған жағдайда байланыс телефондар: АПБ 102 сенім телефоны, АПБ ӘЗЗҚТ инспекторы полиция майоры А.Манапова-87783339929, «Белсенді ұзақ өмір және Тең қоғам» әлеуметтік орталығының психологы Серікова Жазира Асылбекқызы-87024575177 хабарласуға болады. Сонымен қатар әр аймақ бойынша учаскелік полиция инспекторларының ұялы телефондарына байланысуға мүмкіндік бар.

А.МАНАПОВА,
АПБ ӘЗЗҚТ полиция майоры.

«Таукент гүлдері» бөбекжай-балабақшамыздың 40 жылдық тарихына көз жүгіртіп қарасақ, 1983 жылы 7 топтық 160 орынға арналған «Семь цветочек» деген атаумен балабақшаның қазіргі 1 ғимараты ашылған. Сол кездегі «Казатомпром-ЦРУ» мекемесінің қаржыландыруымен ашылған балабақшаның алғашқы меңгерушісі Кардонская Анна Михайловна болды. 7 орыс тобында 160 бала тәрбиеленді. Араға 8 жыл салып 1991 жылы поселке тұрғындарының сұранысына орай 280 орындық балабақшаның екінші ғимараты ашылды. 1998 жылдың мамыр айында екі балабақша да жабылып қалады. Еліміз Егемендік алғаннан кейін, еңсесін тік ұстап, заман түзеліп балабақшаларға қайта сұраныс көбейе бастады. Осы қажеттілікке байланысты АҚ ҰАК «Казатомөнеркәсіп», АҚ «Aeva» (Франция) компанияларының қаржыландырумен күрделі жөн-



Балалардың бақымы

деуден өтіп, 2007 жылы маусым айында «Таукент гүлдері» бөбекжай-балабақшасы атауымен балабақша қайта ашылады. 160 орынға арналған 7 топ жеті гүлдің қазақша атымен аталды. 2007-2010 жылдар аралығында балабақшаның меңгерушісі қызметін Миргородская В.И атқарды. 2010 жылдың сәуір айында балабақша меңгерушісі болып Жолшиева Шолпан Қуанышқызы, 2011 жылдың наурыз айында Абжанова Парасат Молдаханқызы, 2011 жылдың қыркүйек айынан бастап Жамиева Қарлығаш Нышанбайқызы 2023 жылдың қаңтар айына дейін 11 жыл меңгеруші қызметін атқарды.

Таукент кентінде бала санының көбейуіне байланысты, тұрғындардың сұранысы артып, 2012 жылдың Білім күні қарсаңында Таукент кентінде «Казатомөнеркәсіп-Демеу» ЖШС демеушілігімен қайта жөндеуден өтіп заман талабына сай жасалған, жаңадан сәні мен сәулеті жарасқан көз сүйсініп, көңіл қуантатын «Таукент гүлдері» бөбекжай-балабақшасының екінші ғимараты 280 бүлдіршінді қарсы алуға есігін айқара ашты.

2015 жылы 30 қазанда «Казатомөнеркәсіп - Демеу» ЖШС, «Демеу - Таукент» филиалының жұмысының тоқтатылуына байланысты, «Таукент гүлдері» балабақшасы, Созақ ауданының Таукент кенті әкімі аппаратының «Таукент гүлдері» бөбекжай-балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының құру туралы Созақ ауданы әкімдігінің 29 қазан 2015 жылғы №379 ҚАУЛЫ-СЫНА сәйкес, Созақ ауданының Таукент кенті әкімі аппаратының «Таукент гүлдері» бөбекжай-балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны болып құрылды. 2021 жылдың қаңтар айында балабақшаның атауы Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Таукент гүлдері» бөбекжай-балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны болып өзгерді.

Созақ ауданы Таукент кентінде екі қабатты ғимаратта орналасқан, балабақша екі ғимараттан тұрады. «Таукент гүлдері» бөбекжай-балабақшасы 440 орындық, 19 топқа арналған. Қазіргі таңда жыл сайын 2 жастан 6 жас аралығындағы 440 бүлдіршін жас ерекшеліктеріне сай 19 топта бүгінгі күн талабына сай тәрбиеленуде. Оқыту мемлекеттік және орыс тілінде жүргізіледі. Балабақшада 53 педагог және 54 кіші қызметкер қызмет атқарады. Расында да, балабақша көз сүйсініп, көңіл қуанатындай заман талабына сай жабдықталып, безендірілген. жаңа үлгідегі жиһаздармен жабдықталған. Балабақшаның соңғы он жыл көлемінде жеткен жетістіктерін санамаласақ, 2013 жылы «Таукент гүлдері» мектепке дейінгі ұйымда

«Мектепке дейінгі жастағы балалардың танымдық қабілеті мен ой-өрісін дамыту жолдары» тақырыбында аудандық семинар өтті.

2014 жылы «Казатомөнеркәсіп-Демеу» ЖШС, «Демеу-Таукент» филиалына қарасты «Білім салаларын интеграциялау негізінде тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану» тақырыбында облыстық семинар өтті.

2017 жылғы 21 сәуір күні «Өрлеу» педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының бұйрығына сәйкес «Мектеп жасына дейінгі білім беру ұйымдарында жұмысты сапалы бағалаудың заманауи амалдары» тақырыбында облыстық-аймақтық семинар өтті.

2018 жылғы 3-4 мамыр күні аталмыш институттың ұйымдастыруымен «Тұлға-Біртұтас ұлттың жетістік іргетасы» тақырыбында республикалық ғылыми-практикалық семинар өтті. Семинар аясында шығармашылық ізденістері мен кәсіби шеберлігі үшін өз тәжірибелерімен бөліскен тәрбиешілер марапатталды.

дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы озат тәжірибені тарату және енгізу, педагогтардың жүктемесін азайту, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сапасын арттыру мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыру шеңберінде «Өсу нүктелері» құзыреттік орталықтары, «Мектепке дейінгі ұйымдағы топта күн бойында екі педагог» пилоттық жобаларын және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сапасын бағалау өлшемшарттарының апробациясына қатысты.

«Мектепке дейінгі ұйымдағы топта күн бойында екі педагог» пилоттық жобада мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңа мазмұнын іске асырудағы кәсіби шеберлігі мен жоғары белсенділігі үшін мамандар Қазақстан Республикасы Оқу-Ағарту Министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

Сондай-ақ 2022-2023 оқу жылы-



2017 жылы «Сала көшбасшысы-2016» халықаралық сертификатымен және «Сала көшбасшысы-2016» қабырға медалімен және 2018 жылы Қазақстандық салалық және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағы ұйымдастырған «Кәсіподақ» байқауының «Үздік ұжымдық шарт» номинациясымен марапатталды.

2019 жылдың ақпан-желтоқсан айлары арасында ВКНМ ОБСЕ Орталық Азия білім беру бағдарламасы аясында Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы мектепке дейінгі ұйымдар арасынан үштілді пилоттық жобаға апробациядан өтіп, бір жыл екі ел арасында тығыз жұмыс жасалды.

2023 жылы «Қазақстанның үздік балабақшалары» республикалық кітабына енді. 2022 жылдың қазан-желтоқсан айларында мектепке дейінгі ұйымдардың тәжірибесіне мектепке

да балабақша педагогтерінің жетістіктері мынадай биылғы жылы шығармашылық ізденістері мен қол жеткізген кәсіби табыстары және білім беру жүйесін дамытуға қосқан үлесі үшін тәрбиешілер Омарова Мадина, Танеева Ашіргүл «Өрлеу» БАҰО АҚ Түркістан облысы бойынша филиалының мадақтамасымен марапатталды.

Наурыз мейрамын тойлауға арналған «Шымырлық пен шеберлік күні» шеңберінде «Әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» қолөнер байқауы бойынша жүлделі III-орын иеленгені үшін тәрбиеленуші Раушанбек Қайсар, жетекшісі Төребаева Париза аудандық білім бөлімінің мадақтамасымен марапатталды.

Наурыз мейрамын тойлауға арналған «Шымырлық пен шеберлік күні» шеңберінде «Ханталапай» ойы-

ны байқауы бойынша жүлделі II-орын иеленгені үшін тәрбиеленуші Ербол Досболұлы, жетекшісі Еркінбаева Рабиға аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің мадақтамасымен марапатталды.

Осы жылы кітап бұрышын ұйымдастыру бойынша «Балаларға базарлық» аудандық байқауы бойынша жүлделі II-орын иеленгені үшін тәрбиеші Мейрманова Қаламқас және III-орын иеленгені үшін тәрбиеші Омарова Мадина Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің мадақтамасымен марапатталды. «Жаңа мектепке – жаңашыл ұстаз» аудандық байқауда тәрбиеші Төребаева Париза жүлделі I-орынмен марапатталды.

«Таукент гүлдері» бөбекжай-балабақшасы ауданымыздағы алдыңғы қатарлы балабақшаның бірі екенін келген қонақтарда айтып жатыр. Алайда мен бұл балабақшаның меңгерушілігіне қаңтар айында келдім. Дей тұрғанымен бұл жерде ризашылықтар мен жылы сөздер маған дейін меңгерушілік қызметті атқарған аудандық Жәслихаттың депутаты Қарлығаш Жәмиеваның атына айтылуы керек. Біз ұжым болып ауызбіршілік пен ынтымақта сол уақыттағы деңгейде ұстап қала алдық. Алдағы уақыттарда биік межелерді бағындырып, табысты көрсеткіштер мен жемісті жетістіктерге қол жеткіземіз деп ойлаймын, -дейді бөбекжай балабақшасының меңгерушісі Сандуғаш Тажиева. Осы тұста балабақша меңгерушісі Сандуғаш Оразымбетқызының жеке өмірдерімен танысып өтсек, «Таукент гүлдері» бөбекжай-балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының меңгерушісі Тажиева Сандуғаш Оразымбетқызы 1975 жылы 21 қыркүйекте дүниеге келген. Жоғары білімді. Жетістік педагогикалық колледжін «Бастауыш сыныптарды оқыту әдістемесі» бойынша, М.Әуезов атындағы ОҚПУ-н «Педагог-психолог» мамандығы бойынша бітірген. Жолдасы Ыбраев Талғат Таукент кентіндегі «Орталықтандырылған автотасымалдау базасы» филиалында жұмыс істейді. Үш перзент тәрбиелеп отырған үлгілі отбасы. Өз еңбек жолын Раңата ауылындағы Б.Батырбекова атындағы орталау мектепте «Тәлімгер» болып бастап, Таукент кентіндегі жалпы орта мектебінде бастауыш сынып мұғалімі, педагог-психолог болып жалғастырып, 2009 жылы Президентіміздің мектеп жасына дейінгі балаларды балабақшалармен қамту мақсатындағы «Балапан» бағдарламасы арқылы ашылған Жыныс елді мекеніндегі «Болашақ» балалар бақшасында меңгеруші болып 14 жыл қызмет атқарды. 2023 жылдың қаңтар айынан бері осы «Таукент гүлдері» бөбекжай-балабақшасын басқарып келеді.

ЖАҢАРҒАН БАЛАБАҚШАНЫҢ ЖАҢА МАҚСАТТАРЫ

Таукент кентіндегі тарихы 40 жылдан асқан «Таукент гүлдері» бөбекжай- бала бақшасында «Мектепке дейінгі ұйымдағы пилоттық жобаны іске асырудағы педагог-бала-ата-ана деңгейіндегі тиімді тәжірибелер» атты облыстық семинар өтті.

Бұл семинардың өзге семинардан өзгешелігі осы семинарда балабақша өзінің барлық қам қаракетін, бітім болмысын, білімі мен біліктілігін, талай жылдар бойы жинаған іс тәжірибелерін өзге аудан, қалалардан келген балабақшалар өкілдеріне, (оның ішінде жеке меншік және тағы басқа түрлеріне қарамастан) тиянақты көрсете білсе алдағы уақытта қызыреттілігі жоғары орталыққа айналуы үшін ұсынысқа

кезеңде «Жасмин» мектепалды тобының тәрбиешілері Б.Кумекбаева мен Д.Абееваның жүргізуімен «Мамандықтың бәрі жақсы» атты шара ұйымдастырылды. «Бақбақгүл» мектепалды тобының тәрбиешілері І.Алтыбаева мен Т.Есжанова «Жер ананы қорғаймыз!», тәрбиешілер М.Омарова мен Э.Даулеткелдиеваның басшылығымен «Ботагөз» ересектер тобының «Оюлар сыр шертеді», бейінді оқытушы педагог А.Ағабекованың басшылығымен робототехника кабинетінде «Инжу маржан» мектепалды тобының «Нан қайдан шығады?», бейінді оқытушы педагог Р.Омарованың жетекшілігімен ұлттық бөлмеде «Инжу маржан» мектепалды тобының «Ауылым-алтын бесігім», педагог-психолог Райхан Қамбарбекованың жетекшілігімен «Ақгүл» ересектер тобының «Мейірімді болуға асығайық!» атты ата-аналармен тренингі, дене шынықтыру нұсқаушысы М.Кекило-

меттік байланысы дамытушы ортамен байланысты. Белгілі бір жастағы баланың психофизикалық ерекшелігі әр балаға жеке қатысты талап етеді. Ол балалардың дамыту оқытуындағы жүйелік қатынаспен негізделеді және қазіргі замандағы іс-әрекеттің пәндердің мінездемелік бағытына сүйенеді, оның маңыздылығы және рөлі мектеп жасына дейінгібаланың психикалық және өзіндік дамуында. Дамытушы пән ортасы-бұл баланың өзіндік дамуындағы психикалық функциялардың жоғары дамуы, барлық дамытушы іс-әрекеттер түрлерімен қамтамасыз етуші жүйелік шарты. Ол қатарына базалық құрлымдар, жеткілікті әлеуметтік танымдылық және баланың эстетикалық дамуын қосады. Біз әр баланың жеке тұлғалық ерекшеліктеріне сай, дамыту ойындарын ашық-өзінше ерекше, көп функциялы түрде



Бар әлемнің баулылығы

ілігеді. Мұндай қызыреттілік орталық атауына Түркістан облысы бойынша алдағы уақытта Түркістан қаласынан кейін осы «Таукент гүлдері» бөбекжай-балабақшасы ие болады.

Семинардың негізгі мақсаты мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мен тәрбиелеуде отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіре отырып бастамашыл, бейімделуге қабілетті, көпшіл, өзіне сенімді ұрпақ тәрбиелеу. Мектепке дейінгі ұйымда балалардың ынталандыру, сенімділік, тәуелсіздік, физикалық жайлылық дағдыларын игеру, жоғары әлеуметтік қарым-қатынас пен құрмет қасиеттерін дамыту. Семинар барысында түрлі ойын әрекетін ұйымдастыру арқылы балалардың ой санасын дамыту педагогтың баламен өзара іс-әрекеті арқылы оның қызығушылығын оятады. Сонымен қатар, тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалды, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру, ата-аналармен балаларды тәрбиелеу мен дамытуды ықпалдастықта жүзеге асыру. Отанды, ана тілін сүйуге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу. Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиеленушілерін күні бойы педагогтың ойын түрінде кіріктірілген іс-әрекетті арқылы дағдыларын қалыптастыру. Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын, ұлттық құндылықтар мен отбасылық құндылықтар қағидаларын қалыптастырып жетілдіру. Баланың толыққанды дамуы мәселелеріндегі педагогтер мен ата-аналардың бірлігін нығайту, ата-аналарды баланың даму процесіне тарту, қызығушылығын арттыру бойынша балалармен жұмыс жасалады. Балабақшаға қонақтар түгел жиналған соң балабақша әдіскерлері Гүлжан Исатаева мен Н.Ыбырайдың басқаруымен алдымен «Шеберлер» көрмесі таныстырылды. Одан кейін балабақшаның өнер залында қонақтарымыз-Түркістан облысы білім басқармасының мектепке дейінгі орталығы «Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру» кафедрасының меңгерушісі Г.Кульбаева, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту әдіскері З.Кеутаеваларды «Таукент гүлдері» бөбекжай-бақшасының меңгерушісі С.Тажиева ханым Сауран, Шардара, Арыс, Түркістан, Шымкент, Кентау, Отырар, Созақ ауданы аумағынан келген балабақша мекемелері өкілдеріне таныстырды. Және облысымыздың түкпір-түкпірінен келген сексеннен аса меймандардың қатысуымен семинардың ашылуы болды. Семинардың ашылуында балабақша меңгерушісі Сандуғаш Танбаева «Таукент гүлдері» балабақшасының өткені мен алдағы биік белестерге шығу мақсатты жолдарымен таныстырып өтті. Екінші тәжірибелік

ваның жетекшілігімен «Балқурай» ересектер тобының «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» дәрістері жүргізілді. Қорытынды кезеңде музыка жетекшілері Ж.Кошкарбаева мен Ж.Елеусізвалардың жауапкершілігімен «Бақытты бала-бақытты ел» атты тәрбиеленушілердің концерттік шашуы болды.

Халқымыз бала тәрбиесіне қашанда ерекше мән берген, өйткені бала біздің болашағымыз, өміріміздің жалғасы. Сондықтан бүгінгі таңда да балаларды қорғау әлеуметтік мәні зор, халықтық іс болып табылады. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау, білікті, мәдениетті азаматы етіп тәрбиелеу барысында жасалып жатқан тың жұмыстар осыны дәлелдейді.

Білім беру саласының жай-күйін талдау бір жастан алты жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың жаңа стандарты өмірге келеді. Бұл стандарт мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы деңгейі ретінде қазіргі тұрақты өзгеріп тұратын әлемде табысты бейімделуге қабілетті бала тұлғасының қалыптасуы мен дамуы үшін жағдайлар жасайды. Уақытында алынған мектепке дейінгі білімнің әр бала үшін де, еліміздің әл-ауқаты үшін де өмірлік маңызды рөлі бар.

Баланың жақсы тәрбиеленіп және

өткізуге аса көңіл аударудамыз. ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында келесі психологиялық-педагогикалық критерийлары анықталған, ол танымдылық дамыту ортасына жауап береді. Біздің мекемеде тәрбие-білім сапсын арттыруға байланысты жалпы жағдайларды жақсарту-басты міндет Білім мен тәрбие беруге арналған дамытушы ортаны жабдықтау қажет десек, ол мектепке дейінгі кезеңнің өзіндік ерекшелігі мен құндылықтарын сақтайтын, баланың балалығына бағытталуы шарт. Екінші, тәрбиешілер кәсіби шеберліктерін үнемі шыңдап, білімін жетілдіруге жүйелі көңіл бөліп, ұжымның шығармашылық бағыт-бағдарын айқындап, оны жүзеге асыруға белсенділікпен атсалысуға және жағымды психологиялық ахуалдың тұрақтануына ықпал етуде. Сондай-ақ, отбасының құрамы мен талап тілектерін қанағаттандыру және балаға берілетін білім мен тәрбие үрдісі жайында ата-анамен үнемі бірлескен ынтымақты негізінде жұмыс істеу де өте маңызды. Үшінші, балабақшада еңбек етуге толық жағдай жасалып, тәрбиелеу мен білім берудің технологияларын сауатты меңгеріп, жаңа педагогикалық әдіс-тәсілдер жүйесін кәсіби шеберлікпен игеріп, оны тәжірибеде пайдалануға шығармашылықпен

тәрбие тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыруға міндеттіміз,-дейді бөбекжай меңгерушісі С.Тажиева.

Сондай-ақ есепті баяндамасында: «Созақ ауданының білім бөлімінің «Таукент гүлдері бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында 2007 жылы өз жұмысын бастаған. Мекеме екі ғимаратта 440 тәрбиеленуші тәрбиеленуде. Мұнда 6 орыс тобы жұмыс жасайды. Педагогтар саны-53. Біздің балабақша 2022 жылғы 26 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің №408 бұйрығы негізде «Өсу нүктелері» қызыреттілік орталықтары», «Мектепке дейінгі ұйымдағы топта күн бойында екі педагог» пилоттық жобалары «Бақбақгүл», «Жасмин» мектепалды топтарында жүзеге асырылды. 2022 жылдың қазан-желтоқсан аралығында жүрген жобаны жүзеге асыруға 9 педагог, 50 тәрбиеленуші, 45 ата-ана қатысты. Бүгін осы жобаны қорытындылау семинарына келіп отырсыздар. Бұл жобаның тиімділігі мен пайдалы тұстары жайлы біршама өз ойымды қорытындыласам деймін.

Бұл жобаның негізгі бағыты Қазақстан балабақшаларын әлемдік деңгейге көтеру. Қазіргі мектепке дейінгі білім берудегі ең өзекті мәселелердің бірі, басты назарға қоршаған ортамен таныстырудағы зерттеу жұмыстарының жүргізілуі болып отыр. Бұл іс-әрекет мектеп жасына дейінгі баланың толыққанды жеке тұлға болып қалыптасуына септігін тигізеді. Ойын-баланың негізгі іс-әрекеті болса, тап солай жобалау да балаға тиімді әсер қалдырады.

Мекемеде осы орайда Заттық кеңістіктік дамытушы орта ұйымдастыруда ерте жастағы баланың жетекші әрекеті «ойын» екені ескерілді.

Топтың заттық-кеңістіктік дамытушы ортасы мазмұны толық, өзгермелі, түрлі қызмет атқаратын, вариативті, қолжетімді және қауіпсіз түрде ұйымдастырылды. Мазмұны толық балалардың ойын, танымдық, шығармашылық, қимыл белсенділігі мен жағымды әлеуметтенуін қамтамасыз ететін материал мен жабдықтардың болуы және әртүрлі болуы қамтамасыз етілді. Бүгінгі таңдағы балабақшаның толыққанды ішкі жұмысымен аудан жұртшылығын аудандық басылымның көмегі арқылы арнайы таныстыратын боламыз,-дейді Сандуғаш Оразымбетқызы. Біз де ауданымыздың атын күллі атырапқа адал еңбек, ащы маңдай терлері арқылы танытып жатқан бөбекжай-балабақшасы ұжымына және семинардың ой-дағыдай кең көлемде, сапалы өтуіне жұмыс жасаған Созақ аудандық білім бөлімінің әдіскері Смайлова Әйгерім қарындасымызға шексіз ризашылық пен алғысымызды білдіреміз.

Мақсат ҚАРФАБАЙ.



оқуы тек әдейілеп құрылған дамытушы ортада мүмкін. Дамытушы орта баланың негізгі қызыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік жасайды. ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында белгіленген мектеп жасындағылардың өзіндік даму және танымдылық бағысы, қоршаған әлеммен әлеу-

үлес қосып отырамыз. Егемен елімізде болып жатқан игілікті өзгерістер балабақша жұмысына да елеулі жаңалықтар әкеліп отырғаны даусыз. Ең бастысы, тәрбиешілер шығармашылығына жол ашылады. Демек, балаларға жүйелі білім, саналы тәрбие беру ісіне жаңа талап тұрғысынан қарап, оқыту мен

Иә, қанша уақыт өтсе де неше рет қайталасаң да артық өтпейтін, керісінше, айтылған сайын адамзатқа азық болатын салықалы сөздер болады. Сондай сөздердің бірі әрі бірегейі қазақ ұлт ұстазына балаған, Алаш көсемдерінің бірі Ахмет Байтұрсынұлына тән. Бұл сөзді БАҚ өкілдері жылына бір немесе екі рет қолданамыз. Әрине, бұл сөздің бұдан да көп қолданылатынына күмәнім жоқ. Айтпағым, жылына бір немесе екі рет газет-журналдарға жазылым науқанында міндетті түрде қолданамыз деу еді. Бұл сөз, Ахаңның: «Газет-халықтың көзі мен құлағы һәм тілі» деген, БАҚ-ның ішінде нақты газетке берген анықтамасы немесе теңеуі еді. Міне, осы сөзді барша БАҚ секілді Созақ аудандық «Созақ үні» газетінің ұжымы ретінде біз де жылына екі рет қолданамыз. Өйткені, біз аудандық басылымға жазылымды жылына бір рет қана емес, керісінше,



көріп отырмыз. Десек-те, жарнамадан ақша түсіруден де, рейтингке таласа алатын, яғни қоғам мүддесіне сай мақала жазып, хабар дайындаудан да жөнді тәжірибесі жоқ жергілікті газеттерді «өз күндеріңді өздерің көріңдер!» деп еркіне жіберу қаншалықты орынды болды екен? – дейміз ғой кейде. Ендігі жерде, аудандық деңгейдегі мұндай газеттердің әлі күнге мемлекеттің иелігінде келе жатқан республикалық және рейтингісі жоғары тәуелсіз газеттермен бәсекелесе алмайтыны белгілі. Егер осылай кете берсе, бұндай басылымдардың бұрынғыдай мемлекеттік тапсырыстарға тәуелді болып қала берері хақ. Дегенмен, бұл бюджеттің ақшасы. Ал, бюджеттің ақшасы енді бұрынғыдай тікелей аударылмайды. Оның да өзінің шарттары бар, мемлекеттің талаптарынан да қатал конкурстар арқылы беріледі. Міне, ендігі жерде жекеменшікке өткен басылым-

"Созақ үні"-ол сенің үнің

алты ай сайын екі рет жүргіземіз. Тек, біз бұл сөзді өз ыңғайымызға көндіріп: «Созақ үні-ол сенің үнің!» деп, Созақ халқына бір Үндеу секілді жариялаймыз. Себебі, мемлекеттік БАҚ-тың қай түрі болмасын құрылтайшысы билік болғанымен иесі халық. Олай дейтінім, жоғарыда Ахаңның, Ахмет Байтұрсынұлының газет жайлы анықтамалығын келтірдім ғой, сол жерде ұлт ұстазы: «Газет-халықтың көзі мен құлағы һәм тілі» деп отыр.

Ал енді, биыл да осы бір үрдіс пен газетіміздің жазылымға жауапты қызметкері Жандәулетов Біржан Шотұлы екеуіміз аудан орталығы Шоллақорғаннан бастап, барлық ауыл-ауылдарды аралап, жергілікті әкімшіліктерден бастап, білім мен денсаулық салаларына қатысты ұйымдар мен т. б мекемелердің ұжымдарымен кездестік. Ауданымыздың жалғыз басылымы, бас бұқаралық ақпараттық құралы «Созақ үні» газетіне 2024 жылдың I жарты жылдығына жазылуға үндедік. Әрине, осы ретте ауданымыздың барша азаматтары мен азаматшаларына ауданымыздың жалғыз басылымына сенім білдіріп, жазылып жатқандары үшін алғысымызды айтамыз! Сондай-ақ, жергілікті басылым «Созақ үні» газетіне әліде жазылым жүріп жатқанын аудан жұртшылығының назарына сала отырып, жылдың соңына дейін жазылуға мүмкіндіктері барын естеріне саламыз. Себебі, газетіміздің мемлекет саясатына орай жекеменшікке сатылып, кәсіпкерге 5 жыл мерзімге сенімгерлікпен берілсе де биліктің қолдауымен шығып отырғаны бесенеден белгілі. Дегенмен, сол жекешелендірілген немесе сенімгерлікке берілген газеттердің барлығының бірдей жағдайы жақсарып кеткені шамалы. Өйткені, бұл жекешелендіру немесе сенімгерлікке беруде көп нәрсе ескерілмеген секілді. Әрине, бұл жөнінде сол жекешелендірілген немесе сенімгерлікке берілген газеттер мен әлеуметтік желілерде журналистер арақидік айтып қап жүр. Алайда, көпшілік БАҚ өкілдерінің назары, көзі мен құлағы Парламент қабырғасында талқыланып, қабылданып бітпей жатқан Бақ туралы заң жаққа түрулі жүр.

Осы ретте, осы БАҚ-ты жекешелендіру мемлекетке неге керек болды? Жарайды жекешелендірді, не ұтты, неден ұтылды? – деген сауалдарға жауап іздеп көрейікші. Жалпы, бұл жекешелендіру саясатының алғашқы толқыны біздің елімізде сонау, тәуелсіздігімізді алған 90 жылдардың басында бір жүріп өткен еді. Міне, сол жекешелендіру, «приватизация» Мұхтар Шахановтың сөзімен жаппай «приватизация» ға айналып, енді ғана егемендігін алған еліміздің экономикасына едәуір соққы болды. Бірақ, осы приватизацияны оңтайлы

пайдаланған пысықайлар (сол тұстағы совхоз директорлары т.б) бірден байып шыға келді. Әлгі, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев үнемі айтатын «олигополиениң» іргетасы сол уақытта қаланып, кешегі Қаңтар оқиғасына дейін әбден тамырын теңеге тартып, жапырағын жайып алды. Ал енді, сонау 2014-2016 жылдан бастау алған жаппай жекешелендіру саясатын сөз етер болсақ, мұның мақсаты елімізде бизнесті дамытып, бюджет шығындарын экономдау және мемлекеттік қызмет секторының тиімділігін арттыру болатын. Өйткені, дамыған Еуропа елдері мен АҚШ та мемлекеттік активтерді жекешелендіру саясаты сол елдердің экономикасына айтарлықтай серпін берген болатын. Міне, осы ретте еліміздің әрбір азаматы жекешелендірудің екінші толқынының талаптарына орай электронды конкурстарға қатысып, 800 астам мемлекеттік субъектілерді сатып алуға мүмкіндік алды. Әрине, бұл саясат БАҚ-ын айналып өтпеді. Нәтижесінде, осыдан бірер жыл бұрын Қазақстан үкіметі бұқаралық ақпарат құралдарын (БАҚ) мемлекет иелігінен шығару туралы қаулы қабылдады. Жекешелендіруге тиіс БАҚ тізімінде қалалық, аудандық, облыстық газеттермен бірнеше жергілікті телекомпаниялар да бар болатын.

Әлбетте, ә, дегенде отандық БАҚ-ты (әріне бәрін емес) жекешелендіруде мемлекеттің алдында: Отандық бұқаралық ақпарат құралдары бәсекеге қабілетті ме? Біздің қоғамда журналист «төртінші билік» өкілі дәрежесіне көтеріле алды ма? – деген секілді сан сауалдар болған да шығар. Олай дейтінім, Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев Қазақстан Халқына жолдаған жолдауларының бірінде осы мәселеге қатысты: «Бұқаралық ақпарат құралдары бәсекеге қабілетті әрі еркін болуы керек. Бұл қағидат қазір кез-келген өркениетті ел үшін айрықша маңызды. Отандық ақпарат құралдарының Қазақстанда, өңірде және әлемде болып жатқан үрдістер туралы өз көзқарасы болуға тиіс» деген еді.

Алайда, Президент айтқандай-ақ мемлекет ашық ақпараттық кеңістік құрып, сұранысқа ие әрі пәрменді ақпарат құралдарын құруға мүдделі ме? Бұған жауап ретінде «Әділ сөз» баспасөз еркіндігін қорғау ұйымының жетекшісі Тамара Калеева журналистерге берген сұхбатында: «Мемлекет бұл қадамға әлгі ақпарат құралдарының жұмыс сапасын жақсарту қамымен емес, оларды тікелей қаржыландырудан құтылғысы келіп барған секілді. Ал енді, тағы да сол, Президент айтты екен деп отандық БАҚ-тың барлығы дерлік жекешелендірілді ма? Әрине, жоқ. Мұның да жауабын сол «Әділ сөз» баспасөз еркіндігін қорғау ұйымының жетекшісі Тамара Калеева берді: Негізінен, еліміз бой-

ынша 35 БАҚ жекешелендірілуі тиіс еді. Бірақ солардан 27 ғана жекешеленген. Бұл тізімге республикалық ақпарат құралдарының біреуі де кірмеген». Мінеки, ағайын! Біздің аудандық «Созақ үні» газеті де сол әлгі жекешелендіру саясатына іліккен 27 БАҚ-ның бірі болып отыр. Кейде маған да бұрынғы кеткен әкім тұсында біздің газетіміз де сондай солақай саясаттың құрбаны боп кетті ма екен? – деген ой келеді де тұрады. Бұлай дейтінім, БАҚ бәсекеге қабілетті және еркін болуы үшін алдымен қаржылық мүмкіндігі болуы керек екендігі баршаға аян нәрсе ғой. Әне, нақ осы қаржылық мүмкіндіктің жеткіліксіздігі біздің жергілікті басылымдардың бәсекеге қабілетті әрі еркін болуы үшін қол байлау болып отырғандай. Әйтпесе, дәл қазір БАҚ үшін қаржы көзі: мемлекеттік тапсырыс, мемлекеттік органдар мен бизнестің және жеке адамдардың жарнамалық тапсырыстары. Мен жоғарыда үкіметтің қаулысымен отандық БАҚ-тың бірқатарын мемлекеттің қарауынан шығарды деген едім ғой. Көпшілік әріптестерім секілді маған да осы қаулы шағын мемлекеттік басылымдарды бюджет қаржысынан қағу амалы сияқты көрінеді. Өйткені, шығыны болмаса, түсетін пайдасы жоқ оларды мемлекет енді қаржыландырығысы келмейтіндей. Осы тұрғыдан алғанда, жергілікті шағын бұқаралық ақпарат құралдары сырттай қараған адамға алып жүруге ауыр, лақтырып тастауға қимайтын, тұтқасы жоқ ескі шабадан сияқты көрінеді. Ал енді, республикалық телекомпаниялармен газеттер сияқты елдегі қоғамдық пікірмен қоғамдық санаға елеулі ықпал ете алатын БАҚ-ның жағдайы басқа. Олай дейтінім, сіздер де білесіздер, бір кездері біздің аудандық «Созақ үні» газетінде тілші, жауапты хатшы боп қызмет істеген Дәулет Тұрсынұлы есімді әріптесіміз бүгінгі таңда «Оңтүстік Қазақстан» газетінде жұмыс істейді. Сол, Дәулет Тұрсынұлының айтуынша «Оңтүстік Қазақстан» газеті әлі де мемлекеттің меншігінде және жуырда ғана олардың айлық жалақылары 50 пайызға артқан көрінеді. Әрине, әріптестеріміздің бұл жағдайын қызғанғанымнан айтып отырғаным жоқ. Дегенмен, Қазақ журналистикасының карифейі Шерағаз, Шерхан Мұртаза: «Журналистің арқалағаны алтын, жегені жантақ» дегенде бірыңғай жекешелендіруге кеткен немесе әрқандай себеппен кетпей қалған газеттерді бөліп-жарып айтпағаны анық ғой. Иә, негізінде газет қайткенменде жекешелендіріліп немесе сенімгерлікке беріліп кеткен соң, оның қайта мемлекетке қайтуы мүмкін екенін біз де білеміз. Ендігі жерде, жекеменшік мүддеге сай жұмыс жасап, жарнамадан пайда түсіріп, бәсекеге қабілеттілікті арттырып, рейтингті және тиражды арттыру керектігін

дарға сол конкурстарды өткізетін комиссиялар пәрменін жүргізеді. Ал енді, ол комиссиялардың құрамына кімдердің кіретіні, қоятын талаптары қандай болады, бұл енді бөлек мәселе. Демек, бұл жерде жергілікті БАҚ-ты жекешелендіру саясаты толықтай жүзеге аспай отыр. Бар болғаны БАҚ-ты қаржыландырудың формасы ғана өзгеріп отыр. Яғни, меншік түрі ресми өзгергенмен, қаржыландыру тетігі өзгермей қалып қойды. Әрине, ә, дегеннен, осындай дағдарысты жағдайға түскен қайсыбір БАҚ-ның редакторлары алғашқыда абдырап, не істерін білмей қалды дағы, сасқанынан мемлекет қарамағына өтуге қайта сұранды. Себебі, мемлекет астауында «азық» мол. Бүгін-ертең қайтп күн көреміз деп, уайым шегу жоқ. Оның үстіне, елімізде жекешелендірілетін басылымдарды өздігінен күн көруге алдын ала үйреткен ешкім болмады. Әйтпесе, арнайы дайындық жасап, менеджерлер тартып жарнама берушілермен жұмыс істеуді, журналистерге де бұрынғыдай тек билікке жағатын емес, қоғамның көкейіндегі ойларға сай мақалалар жазуды үйрету керек па еді.

Жалпы, бұл БАҚ-ты жекешелендіру жаман бастама емес. Тек, сол жоғарыда айтқанымдай жүргізу мехе-низмін дұрыс ойластырмағаның зардабын шегіп отырмыз. Өздеріңіз де байқағандарыңыздай, мен бұл мақаланы жазарда барынша мың жерден жекеменшікке сатылып, сенімгерлікке берілсе де газетіміздің әлі де мемлекет қаржысына тәуелді екенін ескеріп, мәселеге жалпылық тұрғысынан келіп отырмын. Әйтпесе, сол жоғарыда айтылған солақай саясаттың салықна тоңып, зардабын шегіп отырған ұжымның бірі бізбіз. Дегенмен, «жалғыздың жары Құдай» дегендейін, 60 мың халқы бар ауданымыздың жалғыз басылымын билік те бұқара да тағдыр талқысына салып қоймай, қорғап, қолдау танытады деген үмітімізді есте үзген емеспіз. Осы ретте, «Созақ үні» газетін Созақ халқының үні, көзі мен құлағы һәм тілі деп білетін, аудан жұртшылығын 2024 жылдың I жарты жылдығына жазылуға шақырамын! Әрине, бірден жекешелендіру саясатының екінші толқынына ілігіп, ескексіз қайық секілді айдынға шығып кеткен біздің газет ұжымына да ендігі жерде бәсекеге қабілетті, рейтингісі мен тиражы жоғары басылым болу үшін біраз бас қатыру керек боп тұр. Бұлай дейтінім, мың жерден аудан әкімі болып жатқан жәйттардан хабардар, жәрдемдесуге пейіл десек-те, мына нарық әлемінің заңдылықтарына ұйып, іздену, алға қарай дамудың даңғыл жолына түсу біздің де мойнымыздың борышы болуы тиіс!

Данияр БЕК.

Жемқорлықпен күрес әрбір азаматтың міндеті

«Коррупция» термині латын тілінің «corrumpere» деген сөзінен шығып, мағынасы жағынан «мемлекеттің заңсыз қарым-қатынастарды бұзу» дегенді білдіреді, «параға сатып алу» терминімен сәйкес, яғни, лауазымды тұлғаның өз билігі өкілеттігі мен сеніп тапсырылған қққығын заңға және моральдық нормаларға қайшы келетін өтірік айту, бопсалаушылық, сөзбұйда жасау жолдарымен жеке бас пайдасы үшін пайдалануы. Көбіне бұл термин бюрократиялық аппаратқа және саяси элитаға қатысты жиі қолданылады. Осыған сай, термин әдетте бастапқы латын сөзінің бірінші мағынасынан шығатын кең мағынаға ие, әдепсіздікті білдіреді. Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті сұрақтардың бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да, Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі бағыттарының бірі осы ұғымдықпен күресу болып табылады.

«Кез келген мемлекеттік құрылыстағы басты нәрсе – бұл заңдар өзге де күн тәртібінің жәрдемімен істі лауазым иелері баю жолына түсіп кетпейтіндей етіп ұйымдастыру. Жалпы жұртқа ортақ пайда келуін ойластыратын мемлекеттік құрылыстар ғана әділ, дұрыс болмақ», - деген екен ежелгі ойшыл ғалым Аристотель. Сыбайлас жемқорлықпен күресу еліміздің бүгінгі күнгі күрделі мәселелерінің бірі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны айқын.

Халықаралық қоғамдастық және көптеген мемлекеттердің үкіметтері жемқорлық процестері қоғамда ауқымды материалдық, саяси және моральдық негативті факторлар туғызатынын ертеден анықтаған.

Жемқорлықпен күрес әрбір азаматтың міндеті, өскелең ұрпақ пен мемлекетіміздің даму жолында жемқорлықпен күресудің орны ерекше болып табылады.

Жадыра БЕКПЕНБЕТОВА,
аудандық ХҚКО жетекші маманы.

Сексеуілді сақтайық!

Айналамыздағы орман тоғай, аң-құс қашанда жер ананың сәнін беріп тұрады. Десекте, адамдар тарапынан жіберіліп отырған олқылықтар ашкөздене жер байлығы сексеуілді есепсіз сындыру, аң-құсты атып құрту, өрт тудыру сынды табиғат байлықтарының өртке орануы адам қолынан жасалып отырған қылмыс демеске лажымыз жоқ. Кенеттен болған өрт аң-құсты қыру, сексеуіл қарабарқын сынды табиғат байлықтары болашағымызға жасалған қиянатымыз. Ал табиғаттың өзі берген орман, оттегінің көзі екені де рас. Ендеше ауданымыздағы мол байлық орманды жерлерді сақтап, ондағы өсіп-өніп отырған аңдардың қадір-қасиетіне жету сіз бен біздің борышымыз. Бүкіл аудан тұрғындары қоршаған ортаның экологиялық тазалығына, орманды жерлердің өсіп, өнуіне қарсы қауіпсіздік шараларын сақтасақ, аң-құстарды аялап ұстасақ, табиғатқа бір мезгіл көңіл бөлсек, өзіміздің Жер-Анамыздың алдындағы үлкен парызымыз орындалғаны болар еді. Орман өртін болдырмау өз қолымызда жерлестер!

Өрт қоршаған ортаға қыруар зиян келтіреді. Орман алқаптарын, жайылымдарды жарамсыз етеді. Сондықтан барынша өрттің алдын алуға, сексеуілді сиретпеуге дайын болуымыз керек.

Қанат ЕРШАЕВ,
Созақ орман шаруашылығы мекемесінің Құмкент ауылдық күзетші-қорықшысы.

Табиғатымызды аялайық!

Бүгінгі таңда ақпарат көздерінде «анда өрт шықты, мұнда өрт шықты» деген жағымсыз жаңалықтар жан түршіктіреді. Сол апаттардың ішінде өрттің алдын алу әрбір аудан тұрғындарына маңызды. Қоршаған ортаны өрттен қорғау-әрбір азаматтың қасиетті борышы. Табиғат аясына демалуға шыққанда өртке абай болғаны абзал. Өрт қоршаған ортаға қыруар зиян келтіреді. Орман алқаптарын, жайылымдарды жарамсыз етеді. Сондықтан барынша өрттің алдын алуға дайын болуымыз керек. Ауыл тұрғындарына өрттің зияны мен қауіпсіздігін сақтау туралы; отты тек қана арнайы жерде жағуға, пайдаланғаннан кейін сумен немесе топырақпен сөндіру қажеттігі туралы және т.б. қауіпсіздік ережелері туралы түсіндірме жұмыстары жүргізу, сөндірілмеген темекі тұқылын тастауға; кішкентай балаларға күкірт беруге; бөтелке сынықтарын тастауға қатаң тыйым салынатындығы жайлы ескертулер түсіндіріледі. Сондай-ақ, өртті болдырмау үшін тыйым салынатын бірқатар іс-әрекеттер туралы да жиналыс барысында кеңінен айтылыпты. Тау бөктерінде отырған малшыларымызға осы өрттің зияны мен қауіпсіздігі туралы да қағаз жүзінде ескертулер берілгенін атап өткеніміз орынды болар.

Елбасы АРЫНОВ,
Созақ орман шаруашылығы мекемесінің күзетші-қорықшысы.

Созақ ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің жеке құрамы бөлім бастығы, майор Кулумбаев Қуанышбек Маусымбекұлына әкесі

Маусымбектің

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы №561-IV «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңына сәйкес азаматтарды әскери қызметке шақыру-бұл әскери міндеттілік негізінде Қарулы Күштерді жеке құраммен жасақтауға бағытталған мемлекеттік органдар жүргізетін іс-шаралар кешені.

Осыған байланысты аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімі Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы № 561-IV «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңының 37,40 баптарына сәйкес запастағы сержанттар мен сарбаздарды 2023 жылы Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің әскери бөлімдерінің бос лауазымдарына келісімшарт бойынша әскери қызмет етуге іріктеу

11) егер босатылған күннен бастап үш жыл өтпеген болса, мемлекеттік қызметтен немесе әскери қызметтен теріс себептер бойынша босатылған адамдар қабылданбайды.

3.Келісімшарт мерзімі және оны жасасу тәртібі

1) Әскери қызметті өткеру туралы келісімшарт:

- 1) үш жылға- әскери қызметке алғаш кіретін адамдар үшін;
- 2) бес жылға;
- 3) он жылға;
- 4) әскери қызметте болудың шекті жасына толғанға дейін.

4. Жеңілдіктер

Келісімшарт бойынша әскери қызметке шақырамыз!

жұмыстарын жүргізуде.

1.Әскери қызмет өткеру туралы келісімшарт

Келісімшарт бойынша әскери қызмет осы Заңның 6-тарауының 37,40 баптарына сәйкес Қазақстан Республикасының азаматы Қарулы Күштердің уәкілетті лауазымды адамымен әскери қызмет өткеру туралы келісімшарт жасасады.

Келісімшарт ерікті түрде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес екі тарап арасында жазбаша түрде жасалады.

Әскери қызмет өткеру туралы келісімшартта азаматтың әскери қызметке кіруінің еріктілігі, азаматтың әскери қызметті өткеруге міндеттенген мерзімі және келісімшарттың басқа да талаптары бекітіледі.

Әскери қызмет өткеру туралы келісімшарттың талаптары азаматтың келісімшартта белгіленген мерзім ішінде Қарулы Күштерде әскери қызмет өткеру міндеттілігін қамтиды. Келісімшарт талаптарында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жеңілдіктер, көпелдіктер мен өтемақылар алуды қоса алғанда, азаматтың өз құқықтары мен өзінің отбасы мүшелері құқықтарының сақталуы құқығы көзделеді.

Запастағы офицерлер әскери қызмет өткеру қағидаларында айқындалған тәртіппен тиісті әскери-есептік мамандығына ұқсас лауазымға келісімшарт бойынша әскери қызметке кіруге құқылы.

2.Келісімшарт бойынша әскери қызметке кіретін үміткерлерге қойылатын талаптар

1.Келісімшарт бойынша әскери қызметке кіретін адамдар мынадай талаптарға сай келуге:

- 1)Қазақстан Республикасының азаматтығына ие болуға;
- 2) әскери лауазымға сәйкес келетін әскери-есептік мамандығы болуға.
2. Келісімшарт бойынша әскери қызметке:
 - 1) сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп таныған;
 - 2) әскери –дәрігерлік комиссияның қорытындысына сәйкес әскери қызмет міндеттерін орындауға кедергі келтіретін ауруы бар;
 - 3) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектеулерді өзіне қабылдаудан бас тартқан;
 - 4) бұрын сотталған немесе ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылған не оған қатысты қылмыстық іс қозғалған;
 - 5) әскери қызметке кірер алдындағы екі жыл ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін тәртіптік жауаптылыққа тартылған;
 - 6) әскери қызметке кіргенге дейінгі үш жыл ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін сот тәртібімен әкімшілік жаза қолданылған;
 - 7) тұрғылықты жері бойынша ішкі істер органдарынан анықтама;
 - 8) жергілікті ҰҚК-нен экстремистік және террористік ұйымдарда тіркелмегендігі туралы анықтама;
 - 9) интернатураны аяқтағаны туралы анықтама сертификаты (медицина қызметінің мамандарына)
 - 10) әскери қызметке кіргенге дейінгі бір жыл ішінде қасақана құқық бұзушылық жасағаны үшін сот тәртібімен әкімшілік жаза қолданылған;

«Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңының 8-тарауында әскери қызметшілерді және олардың отбасы мүшелерін әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері қарастырылған.

Соның ішінде, әскери қызметшілерге ақшалай үлес, жәрдемақылар мен басқа төлемдер төлеу, тұрғын үймен қамтамасыз ету, демалыстары, мемлекет есебінен медициналық көмектермен қамтамасыз ету және тағы басқалар бар.

Аталған заңның 44-бабының 8-тармағына сәйкес, әскери қызметшілер мемлекет есебінен қызметі бойынша ауысқан, әскери қызметтен шығарылған кезде, стационарлық емделуге барған және кері қайтқан кезде теміржол, әуе, су және автомобиль көлігімен жол жүруге, сондай-ақ қызметі бойынша көшіп-қону кезінде он тоннаға дейін жеке мүлікті тасымалдауға құқылы.

Осы заңда көзделген жағдайларда әскери қызметшілерге Қазақстан Республикасының аумағы бойынша көлікте жол жүруге және пошта жөнелтілімдеріне арнаған басқа да шығындар өтеледі.

Келісімшарт бойынша әскери қызметшілер қашықтығы 100 шақырымнан астам бер елді мекеннен басқасына қоныс аударуға байланысты қызмет бабымен ауысқан кезде (оның ішінде әскери бөлім немесе бөлімше құрамында) оларға әскери қызметшінің өзіне екі айлық ақшалай қаражат және онымен бірге қоныс аударуға әрбір отбасы мүшесіне айлық ақшалай қаражаттың жартысы мөлшерінде көтерме жәрдемақысы төленеді.

Әскери қызметшілерді тұрғын үймен қамтамасыз ету тәртібі заңның 45-бабында қарастырылған.

Тұрғын үйге мұқтаж әскери қызметшілер мен олармен бірге тұрақты тұратын отбасы мүшелері-жұбайы (зайыбы); ортақ немесе ерлі-зайыптылардың біреуінің кәметке толмаған (асырап алынған, асырауында немесе қамқорлығында болатын) балалары, күндізгі оқу нысаны бойынша білім беру ұйымдарында оқитын жиырма үш жасқа толмаған балалар және жұбайының (зайыбының) балалары; он сегіз жасқа толмаған мүгедек балалары және сәкери қызметшінің асырауындағы ата-аналары мемлекет есебінен әскери қызмет өткеру кезеңінде тұрғын жаймен қамтамасыз етіледі.

Әскери қызметшілерді тұрғын үймен қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңында көзделген тәртіппен жүргізіледі.

Сонымен қатар:

- айына бір рет коммуналдық төлемақы (тұрғын үй, сымтетік, су ақысы);
- киім-кешек мүлігімен жабдықтау нормалары, жұмыс киімі (әскери киім) тегін;
- жылына бір рет негізгі демалысқа шығар кезде екі айлық көлемінде ақшалай көмек (емдеу-сауықтыру);
- тұрғын үйді жалғаны үшін кепілді өтемақы;
- офицерлердің ақшалай үлесі;
- көтерме жәрдемақы, үстеме және басқа да кепілдіктер;
- ауруханаларда әскери госпитальдарда әскери қызметшілердің жанұясына емделу тегін.

Егер Сіз, өз тағдырыңызды Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерімен байланыстырғыңыз келсе, аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімімен хабарласыңыз.

Байланыс сымтетігі 4-15-92.



Мерекеге орай марапатталды

Қараша айының үшінші жексенбісі ауылшаруашылығы саласы қызметкерлерінің күні. Осы мерекеге орай «Ауыл» партиясының аудандық филиалының төрағасы Аманкелді Бабиев Ауыл шаруашылығы министрлігінің Алғыс хатын осы салада ұзақ жылдар еңбек еткен зейнеткер, еңбек ардагері Әнет Сығабаетовтың үйіне барып тапсырып, иығына шапан жапты. Мерекелік марапатты тапсыру сәтінде аудандық «Созақ үні» газетінің бас редакторы Сәрсенбек Теңізбаев құттықтап, игі тілегін арнады.

Осындай марапатқа еңбек ардагері, осы саланың нағыз майталманы Қыдырбай Раманқұлов та ие болды. Ауыл шаруашылығында көп жылдар қызмет еткен ағамыз әлі де шаруашылықтан қол үзбей зейнет жасында шаруа қожалық басқарып келеді.

Алғыс хат тапсыруға «Ауыл» партиясының филиал төрағасы Аманкелді Бабиев, «Созақ үні» газетінің бас редакторы Сәрсенбек Теңізбаев, аудандық мәслихаттың депутаты, кәсіпкер Рыскелді Сапарбаев қатысып, марапатты тап-



сырып, иығына шапан жапты.

Ауыл шаруашылығы саласының майталмандары мереке аясында өздеріне көрсетілген құрметке ризашылықтарын білдіріп, ақсақалдық баталарын берді.

С.МҰХИТ.

«Әлемді кітап арқылы танымын»

Түркістан облыстық мәдениет және туризм басқармасы мен облыстық «Фараб» әмбебап-ғылыми кітапханасының бастамасымен, Созақ аудандық балалар кітапханасының ұйымдастыруымен «Мыңжылқы» мәдениет сарайында ең көп оқитын оқырман балалар арасында «Әлемді кітап арқылы танымын» атты аудандық байқау ұйымдастырылды.

Байқаудың мақсаты әлем әдебиетінің үздік шығармалары мен ұлттық әдебиетіміздегі ең үздік туындыларды оқу және насихаттау, оқу ісін ілгерілету, рухани мұрамызды сақтау, сондай-ақ балаларға рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбие беру, сонымен қатар, қоғамның отандық әдебиетке, оның ішінде классикаға, әлем әдебиет пен поэзияға деген рухани дүниенің құдіретін танытып, мәртебесін асқақтатып, өскелең ұрпақтың кітапқа деген қызығушылығын арттыру. Сонымен қатар қай елдің болмасын ғасырлар қойнауынан, ұрпақтан-ұрпаққа жеткен рухани, мәдени мұрасын оқырмандарға насихаттау. Ең көп оқитын оқырмандарды анықтау және оларға қолдау көрсету.

Бұл байқауда Қазақ балалар жазушысы Бердібек Ұдырысұлы Соқпақбаевтың «Балалық шаққа саяхат» атты повесі және Ұлыбританиялық жазушы Джоан Роулингтің «Гарри Поттер» шытырман оқиғасын насихаттау болып табылады.

Байқау 3 кезеңнен құралды. I кезең - «Кітап әлемді бағындырады» зерттеу жұмысы Қатысушылар Б.Соқпақбаевтың «Балалық шаққа саяхат» атты шығармасынан ессе немесе зерттеу жұмысын жүргізу, II кезең - «Оқы және бөліс» - Creative-алаңы Роулингтің Гарри Поттер туралы романы бойынша көрініс көрсету, III кезең - «Менің отбасым және кітапхана» бейнеролик Қатысушы кітапхана мен отбасын байланыстыра отырып, кітап оқу дәстүрін насихаттап бейнеролик көрсету.

Байқауды Түркістан облыстық «Фараб» әмбебап ғылыми кітапханасының кітапхананы дамыту бөлімінің меңгерушісі Дана Хантөреқызы Байдәулетова, «Созақ үні» газетінің бас редакторы Сәрсенбек Сайлаубекұлы ашып, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Қатысушылардың өнерін



сараптайтын қазылар алқасы Түркістан облыстық «Фараб» әмбебап ғылыми кітапханасының кітапхананы дамыту бөлімінің меңгерушісі Дана Хантөреқызы Байдәулетова, «Созақ үні» газетінің бас редакторы Сәрсенбек Сайлаубекұлы, аудандық ішкі саясат бөлімінің бас маманы Жандос Нарқозыұлы, аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің әдіскері Досболов Ерік байқаудың талаптары мен шарттарына сәйкестігін, қатысушылардың сөйлеу мәнерін, тіл тазалығын, жан-жақты білімділігі бойынша бағалады.

Аудандық байқауға ауданымыздан 11-17 жас аралығындағы оқырмандар қатысып, берілген шарттар бойынша сынға түсті.

Әділқазылардың сараптауы бойынша I орын – Сахи Кәусар (А.Байтұрсынов атындағы жалпы орта мектебінің 9 сынып оқушысы) иеленіп, облыстық байқауға жолдама алды, II орын – Мәулен Рауан (І.Кеңесбаев атындағы жалпы орта мектебінің 10 сынып оқушысы), III –орын Өмірбек Іңкәр (А.Иманов атындағы жалпы орта мектебінің 8 сынып оқушысы) жеңімпаз атанды. Қатысушылар Ержанұлы Айтас (Ы.Алтынсарин атындағы жалпы орта мектебінің 8 сынып оқушысы) «Оқуға құштар өрен» номинациясымен, Орынбек Айару (Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта мектебінің 7 сынып оқушысы) «Үздік ессе иегері» номинациясымен, Амантай Тоғжан (М.Маметова атындағы жалпы орта мектебінің 8 сынып оқушысы) «Шетел әдебиетін оқудағы озық оқырман» номинациясымен, Бекен Айзер (Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта мектебінің 7 сынып оқушысы) «Жігерлі оқырман» номинациясымен, Құтжанова Алина (Л.Бөкенов атындағы жалпы орта мектебінің 8 сынып оқушысы) «Кітапқұмар отбасы» номинациясымен, Есалы Айдын (А.Сүлейменов атындағы жалпы орта мектебінің 6 сынып оқушысы) «Талғампаз оқырман» номинациясымен, Аманжол Маржан (Суындық жалпы орта

мектебінің 10 сынып оқушысы) «Жалынды оқырман» номинацияларымен және алғыс хат, сыйлықтармен марапатталды.

Түркістан облыстық «Фараб» әмбебап ғылыми кітапханасының кітапхананы дамыту бөлімінің меңгерушісі Байдәулетова Дана Хантөреқызы жетекші кітапханашылар Таукент кенті модельді кітапханасының кітапханашысы Гүлназ Нажимова, А.Байтұрсынов атындағы жалпы орта мектебінің кітапханашысы Злиха Мыңжасарова, А.Сүлейменов атындағы жалпы орта мектебінің кітапханашысы Сағындықова Тұмар, Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта мектебінің мұғалімі Ай-дана Кеңесоваларға Түркістан облыстық «Фараб» әмбебап ғылыми кітапханасының директоры Жанат Сәдібекқызы Шардарбекованың атынан алғыс хаттар табыстады.

Кітап білімнің қайнар көзі. Кітап қана мәнді білім береді. Себебі ол адамды терең ойлауға жетелейді. Осындай байқаулардың тиімділігі: танымал ақын-жазушыларын, балалар ақын-жазушыларын танымалдандыру, олардың шығармаларын насихаттау, сол арқылы рухты азамат қалыптастыру, кітапханаға көптеп оқырман тарту, талантты, талапты жастарды анықтау, бәсекелестікке қалыптастыру. Кітап оқуға уақыт табыла бермейтін, есесіне интернет сайттарындағы ақпараттардың ағымы уақыттан жаңылыстыратын, зымыраған мына заманда рухани азық іздейтін оқырмандардың бар екендігі бізді қуантады.

Балаларымыздың болашағын қалыптастыруға үлес қосуға үміткерлер үшін аянбай еңбек етіп байқауға ат салысқан барша кітапханашыларға, ұстаздарға, ата-аналарға алғысымызды білдіреміз. Сіз бен біз үміт артқан еліміздің ертеңі білімді ұрпағымыз жарқырай берсін.

Ғалия МАЙМАҚОВА,
Созақ аудандық балалар кітапханасының меңгерушісі.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан
Бакытжанович

Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек
Сайлаубекұлы
Жауапты хатшы:
Мақсат Қарғабай

Редакция құрамы:
Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайншы-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терімші-
Бағила АЯЗБАЕВА
Фототілші-
Құрманш КЕРІМҚҰЛОВ

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолақорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3500 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.